

*Т. Н. Сүлейменов, қылмыстарды сотқа дейінгі тергеу кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП ТЕКСЕРУДЕ ТЕРГЕУШІНІҢ АНЫҚТАУ ОРГАНДАРЫМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды дұрыс қолдану, адамдарды, қоғамды және мемлекетті қылмыстық құқық бұзушылықтардан қорғау ішкі істер органдарының міндеттері болып табылады. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудің заңда белгіленген тәртібі адамды және азаматты негізсіз айыптау мен соттаудан, оның құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектеуден қорғауды, ал кінәсіз адам заңсыз айыпталған немесе сотталған жағдайда, оны дереу және толық ақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға, қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алуға, құқықты құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға ықпал етуге тиіс.

Қазақстан Республикасының «ІО туралы» Заңының 3-бабы полицияның мемлекеттік органдармен және басқа да субъектілермен өзара әрекеттесуінің қағидаларын бекітеді. Онда ішкі істер органдарының өзара әрекеттесуінің келесі бағыттарын бөліп қарауға болады: халықаралық субъектілермен, шетелдік құқық тәртібі органдарымен өзара әрекеттесу; жедел уәкілдің ішкі өзара әрекеттесуі; жедел уәкіл қызметкері мен қоғамдық қауіпсіздік полициясының өзара әрекеттесуі; жедел уәкіл мен тергеушімен өзара әрекеттесу және т. б.¹

Тергеуші — қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді өз құзыреті шегінде жүзеге асыруға уәкілетті лауазымды адам. Ол істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін барлық шараларды қолдануға, адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағанын көрсететін оған қатысты жеткілікті дәлелдер жиналған адамды күдіктінің іс-әрекетін саралау, Қазақстан Республикасының ҚПК сәйкес оған бұлтартпау шараларын таңдау, қылмыстық құқық бұзушылықтың мән-жайлары баяндалған, жинақталған дәлелдер сипатталған айыптау актісін жасау арқылы қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға міндетті. Қазақстан Республикасының ҚПК-нің 60-бабының 7-тармағына сәйкес тергеуші заңда прокурордың, соттың санкциясын немесе соттың шешімін алу көзделген жағдайларды қоспағанда, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жүргізу кезінде барлық шешімдерді дербес қабылдайды және олардың заңды және уақтылы орындалуы үшін толық жауапты болады².

Тергеуші қылмыстық іс бойынша өз өкілеттіктері шегінде шығарған қаулы, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы тапсырмалар мен нұсқаулар барлық ұйымдардың, лауазымды адамдардың және азаматтардың орындауы үшін міндетті.

Тергеуші тергеп-тексеретін істер бойынша анықтау органдарының тергеп-тексеріліп жатқан іске қатысты жедел есепке алу істерімен және жасырын тергеу әрекеттерінің материалдарымен танысады, оларды белгіленген тәртіпте іске қосып тігу үшін талап етіп алдыртады, анықтау органдарына орындау үшін міндетті, іздестіру, тергеу және жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмалар мен нұсқаулар береді және олардан тергеу әрекеттерін жүргізуге жәрдемдесуді талап етеді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтарды тез және толық ашу үшін тергеушілер, анықтаушылар мен анықтау функциялар орындайтын бөліністердің өзара іс-қимыл жасасуын; тергеушілердің тиісті жедел, криминалистикалық және басқа қызметтердің жұмыскерлерімен оқиға орындарына уақтылы шығуын; қылмыстық істер бойынша тергеу амалдарының және жедел-іздестіру іс-шараларының орындалуын; сараптамалар тағайындаудың және жүргізудің уақтылығын, алынған нәтижелерді пайдалану толықтығын, қылмыстық құқық бұзушылықтардың тергелу барысы туралы ақпаратпен алмасуды және іс бойынша жиналған дәлелдемелерді бірлесіп талқылауды бақылайды; өткен жылдардағы қылмыстық істер бойынша бағыныстағы аппараттардың жұмысын ұйымдастыруды, қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдарды анықтауға және іздестіруге шаралар

қабылдаудың уақтылығын тексереді, анықталған кемшіліктерді жоюда қажетті көмек көрсетеді; қылмыстық істерді және жасырынған қылмыскерлер іздестіруге жарияланған істерді тергеуді бақылайды.

Өзара әрекеттесу — тікелей немесе ортақтандырылған, сыртқы немесе ішкі қатынасты, байланысты көрсетеді. Кез келген құбылыс, кез келген объект, егерде оны белгілі бір тәртіппен өзара байланысты және өзара әрекеттесуші бөліктерге немесе жүйеліктерге бөле алатын болсақ, жүйелік болып табылады.

Қылмыстарды ашу және тергеу жүргізудің тиімділігі көбінесе тергеуші мен жедел іздестіру шараларды жүзеге асырушы органдардың әрекеттерінің келісімділігі мен бірлесушіліктеріне байланысты болып келетіндігі баршаға мәлім.

Р. С. Белкин пікірі бойынша, дәлелдеу субъектісінің өзара әрекеттесуін тергеушінің анықтау органымен негізінен заңға негізделумен айқындалатын, іс бойынша маңызы бар, мақсаты, уақыты мен орны бойынша келісілген, қылмыстық істі толық, тез ашу және бой тасалаған қылмыскерлерді, жоғалған құндылықтарды және басқа да объектілерді іздеуге бағытталған, қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру нысанының бірі ретінде анықтайды³. Өзара әрекеттесудің мақсаттарына тек қана жедел қызметкер мен тергеушінің бірлескен әрекеті құрылатын теорияда және тәжірибеде өңдеп шығарылған белгілі бір жағдайлар сақталған кезде ғана толық қол жеткізуге болады. Өзара әрекеттесуді ұйымдастыруда әлеуметтік басқарудың кез келген жүйесінің негізгі идеясы айқындалады, демек, жалпы мақсаттарға қол жеткізу процесінде жүйенің жекелеген элементтерінің келісілген және бірлескен түрде жұмыс атқаруы. Өзара әрекеттесу өзара байланысқа негізделеді, аталған жүйе элементтерінің бірлескен, келісілген әрекеттерін пайымдайды. Келісушілік өзара әрекеттесудің бар екендігіне нұсқайтын негізгі белгі болып табылады. Жұмыста бұл өзара әрекеттесу субъектілері қабылдайтын шараларды тиімді біріктіру арқылы қол жеткізуге болады.

Тергеушілердің жұмысты жақсы ұйымдастыруы үшін жүйелік құрылымдық бөліністер құрылған, оларды тергеу аппараттары деп атау ұйғарылған. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруде анықтау органдарымен анықтау нысанында жүзеге асырылатынын атап өту қажет. Тергеуші мен жедел уәкіл қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің толықтылығы мен тиімділігіне қол жеткізу тек қана өзара әрекеттесудің заңда көзделген және тәжірибе жүзінде қалыптасқан белгілі бір талаптарын қатаң сақтау негізінде құрылады. Демек аталған талаптарды сақтау өзара әрекеттесудің әрбір жағдайы барысында тергеуші және жедел қызметкер үшін де міндетті болып табылады. Бұл талаптар өзара әрекеттесудің принциптері.

Өзара әрекеттесудің деңгейі соңғы кезегінде кез келген жүйенің мәнін анықтайды және ішкі істер органдарының құқық қорғау қызметінің негізі болып табылады.

Тәжірибеде тергеушілер мен жедел қызметкерлердің өзара әрекеттесуінің келесідей нысандарын өңдеп шығарды: қылмыстық іс материалдармен таныстыру; іс бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерін, іздестіру және жедел-іздестіру шараларын бірлесіп жоспарлау; қылмыстық іс бойынша тергеу жүргізуді жоспарлау барысында тергеуші мен жедел қызметкерлердің жұмыстарын келісу; тергеу жүргізу және жедел-іздестіру шараларын өткізу нәтижелері туралы өзара ақпаратпен бөлісу; алынған мәліметтер туралы бір жақтылық тәртіппен хабарландыру; нәтижелерге талдау жүргізу және анықталған кемшіліктерді жою бойынша шараларды анықтау үшін өзара әрекеттесу субъектілерінің бірлескен кеңестерін өткізу және т. б.

Сарапшылардың пікірінше, өзара ақпарат алмасуға ерекше назар аударған жөн. Полиция қызметкерінің тергеушінің рұқсатынсыз одан алынған мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар, оның басқа да әрекеттерді жүргізе отырып, тапсырмаларды орындау барысында өзі анықтаған немесе мәлім болған мәліметтерді жариялауға құқылы еместігін есте сақтау өте маңызды. Полиция анықтайтын мәліметтердің қайнар көздеріне тәуелсіз бола тұра, алдын ала тергеуді тергеуші жүргізеді және іске қатысы бар мән-жайлар мен фактілерді тұлғаларға хабарлауды қосу бойынша барлық тактикалық сұрақтар осыған тұйықталуы тиіс. Кейбір авторлар өзара әрекеттесудің басқа да жағдайларын бөледі, алайда олар негізінде өзгеше және жедел-іздестіру шаралар түрін қолдануға қатысты.

Қорыта келгенде, тергеуші мен анықтау органдары қызметкерлерінің атқаратын әрекеттерінің сапасы мен көлемі бойынша өзара жауапкершіліктері жағдайы арқылы жүзеге асырылуы қажет деген пікірдеміз.

-
- ¹ «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы // www.online.zakon.kz
 - ² Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының тергеу, анықтау бөліністерінің және әскери-тергеу бөліністерінің қызметін жетілдіру бойынша шаралар туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 220 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 18 сәуірде № 10761 тіркелді // www.adiled.zan.kz
 - ³ Белкин Р. С., Корухов Ю. Г., Россинская Е. Р. Криминалистика: Учебн. для вузов / Под ред. Р. С. Белкина. — М., 2001.